

МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ МАТЕМАТИКАДАН АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қосыбаева У.А., Шегирова Д.К., Оразбекова Р.А.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: Umit1980@mail.ru

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру.

Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру ол теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен жаңа оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалану әдісі үлкен рөл атқарады. «Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру» тақырыбындағы ғылыми жұмыс математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру мақсатында жасалған және «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның» қойған «Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мақсаты мен «оқу процесін автоматтандыруды енгізу үшін жағдай жасау; білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету» міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру жүйесін жасауда екі бағыт ұсталды:

- алғашқысы 5B010900 Математика мамандығының студенттері болашақта математика пәні мұғалімі болып қызмет атқаратын болғандықтан да олардың инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолдануына, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей алуына жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде үйрету.

- екінші бағытта жұмыс жалпы білім беретін орта мектептердегі математика пәні мұғалімдерімен жүргізілді.

Ғылыми жұмыс аясында математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру, мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

- арнайы сайт www.matematik.kz арқылы жүзеге асырылды.
- Электронды лекциялар сайт арқылы кез-келген қолданушыға қол жетімді болды.
- Электронды оқу құралдары жасалды.

Қорыта айтқанда заман талабына сай болу үшін асқан жылдамдықпен дамып келе жатқан инновациялық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу үрдісінде қолдана отыра, оқушылардың бойында біліммен қатар тәрбие үрдісін қатар алып жүруде мұғалімге әрине көмек қажет. Себебі мұғалім сол инновациялық технологияны өзі толық игергенде ғана оның бар мүмкіндіктерін қолдана отыра оқу үрдісін тиімді ете алатындығы анық.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
2. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1989. – 235 б.
3. Энди Андерсон Macromedia Flash MX - М.: Наука, 2004. – 217 с.
4. Алленова Н. Учебник по HTML для чайников. Алматы: Мектеп, 1999. – 235 с.